

«Алдымен оған шықты ер Дәулетбай,
Қырғызды қайтпаймын деп жерге аунатпай.
Найзамен Әтекені ілемін деп,
Жығылды аттан ауып ер аумақтай», - дейді автор.
«Бөгенбай жекпе-жекке кез келгенде,

Бөгемді колға ілмеді түйіп тастап», - деген жолдар ер Бөгенбайды кемсіту емес. Атақты Қабанбайдың қарсыласының ешуақытта осал болмағанын таныту үшін айтылған. Қабанбай бейнесін ашатын жекпе-жек суреттеледі. Гипербола емес, нақты соғыс суреті беріледі.

«Қабекең айбаттана айғай салды,
Ақ найза алты қырлы қолына алды.
Ашумен кәрін төгіп ер Қабанбай,
Жекпе-жек Әтекеге өзі барды.
Тіресіп екі батыр айқасады,
Қағысып найзаменен шайқасады.
Ала алмай бірін-бірі ары-бері,
Аңдысып, арбасады, байқасады.
Найзалар қағысады, шарқылдайды,
Тебінгі бір-біріне сартылдайды.
Қаһарлы ер Қабанбай қайраттанып,
Кекті ашу кеуде кернеп алқымдайды.
Қабекең Кубас атты жанып алды,
Күпәрді бұғанадан періп қалды.
Құлатып Әтекені құрыстырып,
Қаңбақтай үш көтеріп жерге салды»[5;81.].

Қабанбайдың күші мен қайратын автор осылай қарапайым және шынайы бейнелейді. Романда қаһарман басынан өткен бірнеше оқиға суреттелуге тиіс екені белгілі. Осы оқиға аяқталар жерде екінші оқиға басталып кетеді. Әтекенің жалғыз қызы әкесінің өлі денесін алып кетуге Қабанбайдың алдына келеді. Жырда қыздың әкесін жоқтауы берілген. Р.Бердібай: «Қабанбай батыр» жырының өзгешелігі - мұнда халықтың тұрмыс-салт өлеңдері: жоқтау, арнау, көңіл айту, қоштасу, арыздасу кең орын алған»[4;117.]. Яғни тек айтушы тілі емес, бар кейіпкерлердің өз тілі, дәстүр бойынша салт, ғұрып тұтас көрінеді. Сонымен бірге Қабанбай батырдың күшінің үстемдігі де сол қыздың аузымен беріледі. Қабанбайдың әділдігі мен жомарттығы осы қыздың тағдырын шешер тұста көрінеді. Жауымның қызы демей, оның зарына құлақ салып, оған қамқор болады. Астына ат мінгізіп, әкесінің өлігін беріп, жігіттерінен арашалап жүріп еліне қайтарады. Қаһарман мінезін таныту үшін оның психологиясын тереңірек ашу керек болған жағдайда, автор батырдың монологын пайдаланған. Батыр әлсізге қамқор, елге қорған бола алса ғана батыр, күшіне сеніп, көз жасына қарамаған жанды ұлттық эпостардың барлығында батырлар қатарына қоспайды. Қабанбюай батыр еліне жорық жасаған Әтекені аямай, өз қылғанын алдына келтіруде қолы қалтырамайды, ал оның зарлы қызының көзжасына қалуды болашаққа артып кетер қиянат деп түсінеді. Бір диалогқа жүктелген қанша салмақ барын осыдан түсінуге болады.

Әрбір оқиға тұсында батырдың жаңа мінезі ашылып, толысып, толығып отырады. Роман жанрының талабына сәйкес, біртіндеп «жан диалектикасы»

ашылып отырады. «Жырда Қабанбай ел кегін қуушы, жауын жекпе-жекте, адал айқас үстінде түсіруші болып көрінеді. оның адамшылық парасаты бірте-бірте ашылады»[4;108.], - дейді ғалым Б.Әбілқасымов.

Батырға сауға сұрай келген қайғылы қыз ерекше тайлақ жетелеп келеді де, Қабанбайға тарту етеді. Сол тайлақ батырдың інісі Дәулетбаймен араздасуына себеп болады. Автор сол бір тайлақтың ерекшелігін әдемі суреттейді. Бірақ қазіргі оқырман оның қасиетін онша бағалай алмайды ғой деп ойлаймыз. Атақты батырдың сол бір қыз берген тайлақ үшін жорықтарға бірге шығып жүрген інісін өкпелеткеніне немесе інісінің тайлақты бермедің деп батырдан кетіп, ауа көшкеніне онша түсіне қоймайды-ау. Бұл бұдан екі жарым ғасыр бұрынғы оқиға екенін естен шығаруға болмайды. Әтекенің қызы бір елдің аяулы аруы жетектеп, ұлы батырға тарту еткен тайлақ сол кез үшін құны өзгеше бағалы болғандығында сөз жоқ. Мал арасында өсіп, оның сынынан қасиетін танитын өткен ғасырдың оқырмандарына анық бұл таластың сыры қазіргі оқырманға өте бір мәнсіз нәрседей болып көрінуі мүмкін.

Одан кейінгі оқиға - Қабанбай батырдың науқасқа ұшырауы. Ешбір жауға дес бермеген қайран батыр аурудың, одан кейін келе жатқан ажалдың алдында тізе бүгеді. Бұл да романның өмірдің бар қабаттарын тінті суреттеу мүмкіндігі бар жанр екенін дәлелдейді. Дауасыз дерт Қабанбайдың өз шаңырағына ғана емес, түгел қазақ еліне ауыр тиеді. Дәстүр бойынша, еліміздің елдігін танытатын қасиет көрінеді. Басы хан Абылай болып ел жақсылары қасиетті батырдың көңілін сұрап келеді. Жырда осы бір ірі қасиеттер ерекше назар аудартады.

«Қабанбай қатты науқас дегенді естіп,
Келіпті көңілін сұрай хан Абылай».
«Қабекең науқас болды дегенді естіп,
Батырдың өзі тұстас бәрі келді».
«Сексеннің сегізінде Бұқар келді,

Көңілін Қабанбайдың сұрай келді.
Болса да жасы жеткен үлкен адам,
Солқылдап жас баладай жылай келді»[5;88.].

Қазақ ұлтының қамын ойлап, «көмекей әулие» атанған қарт жыраудың батырды қимай жылауы - елдің тірегі болған батырға деген құрмет пен елдің келешегін ойлаған қайғы екені жырда анық көрінеді. Бұқар айтқан толғауда Қабанбай батырдың бар мінезі толық ашылған. Оның тарихи орны мен ұлт үшін істеген адал қызметі өлшеусіз, баға жетпес құнды екенін жыраудың тарихи толғауы растап тұр. Жырдың романдық сипатын да ашып бере алады. Романның басқа эпикалық жанрлардан негізгі ерекшелігі - оның тілінің көп қабаттылығы деп көрсетеді ғалымдар. Біз сөз етіп отырған жырда әр кейіпкер өз тілімен ғана сөйлейді. Әкесінен қапыда айрылып, қайғыда отырған бұла ару, ел дәстүрімен жоқтай келеді. Ағасына арқа сүйеп, өзінің де ағасының алдында қадірлі екенін білетін Дәулетбай еркелей келеді. Ал тоқсанға келіп қалған, алдынан адам шықпас қарт жырау батырына төніп келген

қауіпті ойлап, жар астында бұғып жатқан жау барын да ескеріп, ел қамымен жылай толғап келеді. Міне, үш кейіпкердің тілі де, ойы да бір-біріне мүлдем жақындамайтындай қабат-қабат. Сол тіл арқылы тұтас өмір шындығы беріліп тұр. Қабанбай характерін даралап та, типтендіріп те көрсеткен Бұқар толғауына қараңыз.

«Айналайын Қабанбай,
Жау келгенде жарағым,
Алыстан асып дау келсе,
Түрулі тұрған құлағым.
Жақыннан жарым жау шықса,
Белдеудегі пырағым.
Мың жылқыны суарған,
Төскейден аққан бұлағым.
Кеше түсте естідім, Қабанбай ауру дегенде,
Жетімсіреп жыладым.
Бір құдайдан сұрадым:
Арғыннан айттым жүз кісі,
Найманнан айттым жүз кісі,
Үйсіннен айттым жүз кісі,
Үш жүз кісі болар ма, Айналайын Қабанбай,
Қара мойын лағың»[5;90].

Қабанбайды аман қалдыр деп, құдайға қара мойын лақ емес, үш рудан үш жүз кісі құрбандық айтқан жырауды кім кінәлайды? Бұл бүкіл ел аман қалу үшін Қабанбайдай батырлар сау жүруі керек екенін танытатын әлеуметтік, тарихи шындық. Бүкіл елдің бірлігін танытатын аса құнды сөз. Бұқар мен Қабанбай бір рудың ғана адамы емес, бүкіл қазақ қоғамының ірі тұлғасы. Жыраудың өз сөзінде үш жүз адамды ойланбай бір батырға құрбандық етуін осылай түсінген дұрыс деп есептейміз. Сонымен бірге Бұқар жырау ағайын арасының да татулығын қолдаған кәдімгі таза қазақы ойдың иесі. «Ағайынды адамның өкпесі бар, кегі жоқ», - деп өкпелеп кеткен Дәулетбайға «ептеп айтып алып келіңдер», - деп кісі жібереді.

Қабанбайдың тағы бір дара мінезі осы жерде көрінеді. Бауырына ұлттық дара қасиет бойынша аманат тапсырады. Артындағы ұрпағының «мұңлық», зарлық», «қорлық» күйін кешпесін деп інісіне тапсырады да, сол сөздердің мәнәсэн ашады. Қабанбай данышпан қарияға айналады.

«Мұңлықтың жайын айтайын:
Ерде ақыл болар ма, қонысынан ауған соң?
Әйелде ас болар ма, біреуден сауын сауған соң?
Бұдан мұңлық өтер ме?
Қорлықтың жайын айтайын:
Жақыныңнан жау шықса, айғырың қалар арқырап,

Құлының қалар шырқырап, бұдан қорлық өтер ме?

Зарлықтың жайын айтайын:
Қозысы өлсе саулық қой - артында қалар манырап.

Ботасы өлген түйенің, Түгемес зары аңырап,
Бұдан зарлық өтер ме?»[5;95].

Р.Бердібайдың сөзімен айтар болсақ: «Мұнда Қабанбай соғыс кезінде қорған болса, бейбітшілік кезде ел қамқоры сипатында берілген»[36;118].

Қабанбайдай аруақты батыр жай ғана төсекте жатып аурудан өлсе, мүмкін, арманда кетер ме еді, құлын сүйгіш Алла қасиетті жанның өлімін де тек өзіне лайық етіп бұйырыпты. Келесі оқиға - Әтекенің ұлы Садырдың кек алмақ болып ауырып жатқан Қабанбай аулына келуі. Бұл хабарды батырдың жан жолдасы, атқосшысы Шағалақ жеткізеді. Алдыменен жайсыз хабарды батырдың аты сезеді дейтін эпостық жырлардағы сарын көрініс береді. Бұл сарын емес, шынайы табиғи қасиет. Жылқы малының ерекше болмысы деп түсінетін уақыт жеткен сияқты.

«Жүгіріп шықтым белеңге,

Қубас ат шөп жұлмайды дегенге»[5;95]. - деп қарулас досына, атақты әскербасына жамандықтың сырын тұлпарының мінезі арқылы танытады. «Қубас шөп жұлмайды», - бұл қасиетті жылқының иесіне жамандықты сездіруі. Мұны бұрыннан атын баптап жүрген ежелгі серігі жақсы таныған. Соңғы рет те дәл солай болып шыққан. Шағалақ өзеннен өтіп жатқан мол әскерді көреді. Жау әдейі Қабанбай төсектен тұра алмай жатқанын біліп, оны өлер алдында қорламақ болған. Бұл - бүкіл қазақ ұлтына үлкен сын, қазақ қолы жеңілсе сүйекке салынған кетпес мін болмақ және Қабанбай өкінішпен өлмек. Қабанбайдың жай білектің ғана күштісі емес, күш пен ақыл, намыс пен парасат қатар қонған, басына бақ болып дарыған, аруақты батыр екені тағы бір дәлелденеді. Батырдың шын тілегін Алла қабыл еткендігін, оның жаратушының сүйген құлы болғандығын жыршылар әсіресе, сүйсіне жырлаған сияқты. Шағалақ болған жайтты хабарлап, сөзін былай аяқтайды:

«Састым ғой, аға, састым ғой!

Қабанбайдың көзі тірісінде елін шабам дегенге». Намысын қорламақ болған дұшпан сөзін естіген батырдың жан қиналысын автор былай береді:

«Мұны естіп Қабекең, Қабағат қатты сұстанды.
Қатуланды керемет, Жапырардай дұшпанды.
Қаһары қатты кісі екені, қаһарланып кетіпті:
Шашы ұзын кісі екен - маңдайын жауып кетіпті.
Кірпігі ұзын кісі екен - бетін жауып кетіпті.
Сақалы ұзын кісі екен - кеудесін жауып кетіпті.
Буырқанғанда сыртына түгі шығып кетіпті»
[5;95-96].

Қатты намыс қысып қаһарланған батырдың ішкі қуатының әсерінен барлық шашы, сақалы, кірпіктері тікелей ерекше бейнеге түскендей. Батырға тән өзгеше портрет жасалынған. Жанды, бет пішініндегі ішкі дүмпудің қуатты қимылдарын көрсететін сурет. «Төба шашы тік тұрды», «түгі бетіне шықты» деген тіркестер осындай құбылысты елестетуден пайда болды ма екен деген ойға жетелейді. Батыр Алладан денесіне қуат беріп, бойын қатайтуды тілейді. «Қабылдап Алла тілегін, Буынын әбден қатайтты», - дейді автор. Мұны ойдан шығарылған қиял деуі де мүмкін. Біз сонша қуат беріп, ерекше аянмен өміріне бағыт беріп отырған Алла сүйікті құлының соңғы тілегін, онда да өзінің жеке басы үшін емес, дүйім елдің азаттығы үшін күреске шықпақ болған тілегін орындаған ғой деп ойлаймыз. Бұл мүмкін, батырдың ішкі қуатының барлығын тітіретіп, жанды қимылға

түсірген психологиялық қуаты да болуы мүмкін. «Буырқанғанда сыртына түгі шығып кетіпті» дегенде автор сол ішкі психологиялық құбылыстың әсерін көрсетіп отыр ғой. Батырға жеткен хабар өзі күтіп жатқан өлімнен әлдеқайда ауыр болатын. Сонда Қабанбайдың бейнесінде әлгіндей өзгерістер болатынына сенесің, автор осыған өзі де сенеді. Соңғы жорыққа кетіп бара жатқан батыр өмірлік серігі болған Кубас атымен сырласады. Монологы арқылы ұлтының болашағын ойлаған сарбаз бейнесі ашылады.

«Ей, Кубасым, Кубасым,
Қабанбай өлді дегізбе,
Төрт арыстың баласын
Енді ешкімге жегізбе»[5;97.]

Жетпіс сегізге келген батыр он алты жастағы Садырмен жекпе-жекке шығады. Соғыс толық суреттелмеген. «Бұғанадан найза жеп, бала жерге құлады» деп қана көрсетеді. Осыдан кейін Қабанбайдың да халі нашарлай береді. Соңғы өсиетін айтады. Тағы бір қызық деталь көрсетіледі. Тірісінде жеңе алмаған жауы оның өлі денесін қорлау үшін ұрламақ ниеттері болады екен. Інісі Дәулетбайға өз мүрдесін үш күн күзетіп тұруын өтінеді. Ал үш күннен соң оның мүрдесін әкетуге Меккеден ақбас атан келеді деген ой айтылған. Қабанбайды білетіндер айтып жүрген сөзді де, сол соңғы қоштауында айтқан: «Алыс-туыс демеймін, Мұсылман-кәпір демеймін.

Кім бұрын атымды атаса, Соны қолдап кетпекпін», - деген екен аруақты батыр, данышпан қарт. Романды бағалағанда, соңғы көзқарас бойынша, ондағы негізгі қаһарманның характерін тұтас көрсетуіне, оның өмірі қаншалықты қамтылғанына мән беріліп жүр. Жырда Қабанбайдың соңғы кездегі өмірінде болған бірнеше оқиға суреттелгені шындық, бірақ толғау, монолог арқылы батырдың өткен өмірі де көрсетіледі. Ал оның бар мінезі анықтыққа жеткізе суреттелген деуге болады. Сондықтан, бұл «әлеуметтік-тұрмыс романы»(Р.Бердібай) деуге дәлелдері жеткілікті шығарма деп есептейміз.

Қорыта айтқанда, Қабанбай батыр туралы жыр батырдың бар өнегелі өмірін қамтыған, еліміздің тұрмысы мен салтын қоса суреттеген, батыр және оның айналасындағы ірі тарихи тұлғалардың дара мінезін, сол арқылы қазақ қоғамының ірі әлеуметтік тарихи мәселелерін көрсете алған. Композициялық сюжеттік құрылымымен ХУІІІ ғасырда ауызша шығарылған қазақ романы десек, ешбір елден ұялмайтындай көркем туынды.

1. Қаратаев М. 3 томдық шығ.жин. 3-т. Алматы. «Жазушы». 1974.

2. Жұмалиев Қ. Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері. 1-т. Алматы. 1958.

3. Кәкішұлы Т. ХХ ғасырдағы қазақ әдебиетінің ағымдары. / кітапта: Нұрғали Р. 7 томдық шығ.жин.5-т. Астана «Фолиант». 2005. 536 б.

4. Бердібай Р. Эпос мұраты. Алматы. «Білім». 1997. 320 б.

5. Қаракерей Қабанбай. Алматы. «Жазушы». 1991.

Ж. Камалқызы

«БІРЖАН-САРА АЙТЫСЫНЫҢ» ЖАНРЫ ТУРАЛЫ

М.Әуезовтің әдебиеттанушылар әлі де мән бермей келе жатқан тағы бір пікірі біздің еңбегімізге ерекше ықпал еткенін айтуымыз керек. «Қазақта жазба әдебиет Абайдан көп бұрын басталған. Бұл есепке, көбінесе, дін мақсатымен жазылған қиссаларды кіргізбесек те, айтыс өлеңдерді кіргізбеуге болмайды. Наурызбай мен Тілеуқабақтың қызының айтысуы, Біржан мен Сараның айтысуы, бір жағынан, ауызша әдебиетке кірсе де, бір жағынан жартылап келіп жазба әдебиетке кіреді»[6;300.]. Ауыз әдебиетінен жазба әдебиетке көшу –«көшпелі дәуір» туралы анықтама береді. Айтыс өнерінің басқа ешбір елде кездеспейтін біздің ұлттық әдебиетіміздің асыл мұрасы екеніне тоқталғанын ғалымдар есепке алғанымен, оның жанры туралы сөзі ескерілмей келеді. Ғұлама бұл көркем туындыны роман жанрына жатқызады. Бұл да әлі күнге дейін мән берілмей жүрген бағалы пікір деп есептейміз. «Айтыс өлеңдердің ерте кездегілері ауызша әдебиетке кірсе де, бергі замандағы айтыстың ішінен ұзақ әңгіме тудыратын Наурызбай мен Біржан – Сара сияқтылары жазба әдебиетке кіреді. Екі кісінің айтысуынан,

немесе екі кісінің жайынан туатын әңгімелер ертерек уақытта ағылшын әдебиетінде Грандисон, Ричардсон, Достоевскийдің уақыттарында туылған. Орыстардың «Бедные люди» деген кітабында бар. Мұндай әңгімелерді эпистолярный роман деп атаған. Біздің айтыстардың көбі – осы эпистолярный роман түріндегі өлеңдер»[6;303.]. «Біржан мен Сара айтысының» біз оқып жүрген нұсқасын Ғ.Мүсірепов тоқтау айтқанға дейін тарихи болмағандығын сөз етіп, өз асылымызды желге шашқандай күй кешкеніміз рас. Ұлы М.Әуезов оны қазақ әдебиетіндегі эпистолярлық роман түрінде қарастыруға бағыт берген. Бұл да әдебиетімізді тануға салынған анық жол деп есептейміз. Енді айтыстың роман талаптарына сәйкестігін мәтін арқылы дәлелдеп көрейік. Айтыстың болған сәтін Сараның сөзімен жағдай арқылы суреттейді.

«Үйінде отыр едім Тұрысбектің,
Бұл үйге құдай айдап дұрыс кеппін.
Қасында жеті-сегіз жат кісі бар,
«Сөйлес» деп даусы шықты Жүнісбектің.
Кісі екен отыз екі жолаушымен,

Ақ үйдің жабығынан көрсем санап.
«Сүйінші, іздеген қыз осында деп,
Біреуін ортаға апты жаудай талап.
Сырлаған домбырасын қолына алып,
Ән шырқап қоя берді жүндей сабап.
Біреуі атын ұстап тұрды шаужайынан,
Сөзінің білдім Біржан ыңғайынан,
Толықсып, төңкеріліп ән шырқап тұр,
Сөйтсе де шошымадым айғайынан»[24]

Ең бірінші үйден сыртқа көз салғанда, Сара көзіне түскен сурет осындай. Таза романдағы жағдайдың суреттелуі.(жағдай туралы роман теориясы мәселелері тарауында айтылатындықтан, бұл суреттеудің мәнін ашуды қажет деп таппадық.).Зерек ойлы, аңғарымпаз ақын қыз Біржанның сыртқы портретін де бірден сол сәтте суреттей кетеді. Сырттан келіп, әй-шәйға қарамай үйдегі ақын қызды айтысқа шақырған Біржан сөздері естіледі. «Біржанның төңкерілген әуенімен, «Ешкіөлмес» ел жиылды бауырында». Айтыс өткен уақыт белгісі де, оқиға өткен мекен де көрсетілген. Айтыс дәстүрінің шарты бойынша, қазақ арасында айтыс өткен соң, оны ел арасына жеңілген ақын таратады. Жеңген ақын мақтан үшін айтпайды. Сондықтан, айтыстың болғаны туралы мәлімет айтыста жеңілген ақын Сара сөзімен беріледі. Біржанның аруақты ақын екенін әдегеннен Сара мойындайды:

«Арындап дәуірлейді барған сайын, Екпіні соққан желдей көрдім жайын». Бұл ақын Сараның өз қарсыласы Біржанға берген бағасы. Сол сәттегі ақынның творчестволық көңіл күйін өзі ақын Сара дәл танып көрсетеді. Айтыс бір ғана Сараға сын болмай қалады. Сол ауылдың иесі Есімбек пен Тұрысбекке де, одан әрі бүкіл найман еліне сын болғалы тұрғанын Есімбектің абыржып, Сараға келіп, айтысқа шығуын, намысын бермеуін, тілегін тілеп, құдайдан абыройын сұрап тұратынын айтатын көріністен байқаймыз. Бұл әлі айтыстан бұрынғы өтіп жатқан хал. Жағдай. Бүкіл елді дүрліктірген, «Орта жүзді әнмен қырған» сал Біржанның ақын қызды іздеп келіп, Ешкі өлместе отырған атақты қажы ауылындағы әрекеті ғана. Осы арқылы ақындардың қазақ қоғамындағы орнының қаншалықты биіктігін көрсетеді. Сол уақыттағы қазақ қоғамының мәдениеті көрініс береді. Көрініс береді деу аздық ететіндей, сөзбен соғылған сурет болып мәңгіге қалдырылған. Оның келгенін кінә көріп жатқан жан адам жоқ. Ақынға күш көрсетіп, ауылдан қайтаруды да ойлаған ешкім жоқ. Тек қана соған лайықты сөз қайтара алатын жанның тілеулестері ғана көрінеді. Қазақ қоғамындағы әнші, жыршы, айтыскер ақындардың бар қызметі де, абыройы да, оны тыңдайтын көпшіліктің мәдениеті де айқын көрінеді. Біржан характерін қоғаммен байланыста суреттеп отырғанына анық көз жетеді. Романның бірінші талабы орындалғанын осыдан көреміз.

«Шырағым, Сара, саған не болды?» - деп,
Есімбек кіріп келді ағатайым!
Шырағым, Арғынға орай бар ғой Найман,
Бала едің атағыңды жұртқа жайған.
Кең жерде келістіріп душар болмай,

Қапыда қажы үйінде келді қайдан?»

Бұл сырттан келген Есімбектің сөзі. Қажы ағасының алдында, бірден қарындасына айтысқа шық дей алмай, намысты қолдан да беріп жібере алмай сасып тұрған сәті. Психологиялық толғаныстың көркем бейнесі. Сонымен бірге әр қаһарманның өздеріне тән сөздері. Қиналысы. Бұл да романға қойылар шарттардың негізгілері болып есептеледі. Бұның барлығы романда суреттелген жағдайдың ішкі қозғалыстары ғана. Романға негіз болған оқиға – айтыс әлі басталған жоқ. Бұл да романның басты шарты екені белгілі.

“Тартынба енді, балам, - деді қажы,
Адымың аттан артық шықты тайдан,
Сөзі бұзық ант ұрған көрінеді,
Бар еді бір кісідей өнерге айлаң.
Апттыққан қу Арғынды бір дөңгелет,
Ағаңа осы болсын тиген пайдаң.
Өнері ұлдан артық қарағым-ай,
Тұрайын мен де тілеп бір құдайдан!»

Бұл - қажы Тұрысбектің сөзі. Елдің иесі, қадірі асқан білімді жанның болуға тиіс оқиғаға көзқарасы. Осы арқылы өз аулында айтыстың өтуіне де, айтысқа түсетін ақын Сараға да бата береді. Бұл сөздерден Сара қыз бен ол өмір сүріп отырған қоғам байланысы көрсетіледі. Сара көп қыздың бірі емес, ол – ақын. Бүкіл сол ортаның намысын қорғауға міндетті тұлғаға айналып жүре береді. Қазақ түсінігі бойынша, Сара өзінің тегі Найман руынан шыққан атақты ақындар аруағына сыйынады. «Аспаннан бойға түсті ғайып пірім»,- деп, өлеңнің Алла берген ерекше сый екенін атап өтеді. Енді үйде отырған көп қыздың бірі ғана емес, арқалы ақынға айналып:

«Ән шырқап ақ ордадан шыға келдім,
Қозғадым қырмызыдан сөзді талдап.
Төрт қызы Тұрысбектің қасыма ерді,
Ақ үйден шыға келдім «Найман-айлап
Танданып жиылған жұрт қарап тұрды,
Біржанға қыз да болсам, балап тұрды.
Кәмшат бөрік, күлдәрі белбеуі бар,
Көк торғын шапанды адам қарсы жүрді.
Түрінен мен таныдым: осы – Біржан,
Сандалтып Орта жүзді әнмен қырған.
Сары сұр адам екен, тым өңді емес,
Құбылар тоты құстай әлгі антұрған».

Сараның өз баяндауымен болған оқиға баяндалып жатар. Сара бірінші кезекте, болған оқиғаны жеткізуші – баяндаушы, әлі ақын ретінде айтысушы жағдайына өткен жоқ. Романдағы оқиғаны баяндаушының өзі. Сара баяндауында үлкен сурет бар. Тұтас қазақ тұрмысы бір сәтте көз алдыға келеді. Көшпенді елдің театр өнері пердесін ашқандай әсерде қаласың. Сара Біржанға бірден мінездеме беріп кетеді. Сыртқы портретін де, өзінің ішкі танымын да көрсетеді. Бұлардың барлығы айтыстың өзі емес. Айтыстың қалай, қай жерде, қандай жағдайда болғанын айтыскердің біреуі әңгіме етіп айтып отыр. Айтушы – Сара. Айтушы өз сөзінің арасында басқалардың да сөзін сол қалпында беріп отырады. Айтушының баяндауы да - роман талаптарының бірі. Айтыс осыдан кейін басталады.